



# QAZAQ UNIVERSITETI



[www.facebook.com/FarabiKaznu](https://www.facebook.com/FarabiKaznu)



[www.instagram.com/farabi\\_university](https://www.instagram.com/farabi_university)



Апталық 1948 жылдың  
20 сәуірінен шыға  
бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№1 (1914) 15.01.2024 ЖЫЛ



## Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы!

Сіздерді іргелі білім шаңырағының, 90 жылдық мерейтоймен шын жүрекten құттықтаймын!

Бәсекеге қабілетті заманауи кадрларды даярлауда көшбасшы университеттің алатын орны ерекше. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендегі, «Білім – бәсекеге қабілетті және табысты ұлт болудың басты кепілі». Университет өзінің тоқсан жылдық белесіне әлемнің озық үлгідегі университеттерімен байланыс орнатқан бірегей білім ордасы ретінде жетіп отыр. Бүгінде оку ордасы Еуропа, АҚШ, Оңтүстік-Шығыс Азия, Ресей университеттерімен қос диплом бағдарламасын жүзеге асырып, ыс тамбұл, Бішкек қалаларында филиалдарын ашты.

Көсіби біліктілік, еңбеккүмарлық пен жауапкершілік сияқты құндылықтар университет ұжымының құнделілікті қызметінде көріністауып, соның арқасында сапалы білім беру және

ғылымды дамытуда мол жетістіктерге жетуде. Осы жылдар ішінде университет өзінің білім қорының, бай тарихын қалыптастырып, әлемдік және отандық рейтингтерде үздіктер қатарынан көрініп келеді. Мұның барлығы университет ұжымы мен профессорлық-оқытушылар құрамының табысты еңбегінің жемісі деп білемін. Білім ордасы алдағы уақытта да мемлекеттіміздің сенімді тірегін тәрбие-леу, дарынды жастарымызды бүкіл әлемге паш ету жолында талмай енбек етіп, тәуелсіз еліміздің одан әрі дамуына лайықты үлес қосатынына сенім білдіремін.

Осындай қуаныштың күні университет ұжымын мерейтоймен құттықтай отырып, бастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, қызметтеріңізге толайым табыс тілеймін!

Құрметпен,  
Қазақстан Республикасының  
премьер-министрі  
Әлихан СМАЙЫЛОВ

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

## Табысқа толы 90 жыл

Бұгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті 90 жылдық белесіне қадам басты. Тарихы XX ғасырдың бірінші жартысынан бастау алатын қара шаңырақ қазіргі таңда қазақстандық жоғары оқу орындары арасында көш бастап келеді. Ирі ғылыми жетістіктері, заманауи білім бағдарламалары, ұлттық кадр даярлаудағы жаңашылдығымен ерекшеленіп, әлемдегі озық университеттердің қатарына қосылды.

Откен кезеңге көз жіберсек, Қазақ мемлекеттік университеттінің жасақталуына 1933 жылдың 20 қазанындағы КСРО Халық комиссарлары кеңесінің шешімі негіз болды. 1934 жылы 15 қантарда алғаш 54 студент қабылданып, олар физика-математика және биология факультеттерінде білім алды.

Білім мекемесі бірте-бірте ауқымын кеңейтіп, соғыс басталғанда деңін білім бағдарламаларын 14 мамандыққа жеткізді. 1945 жылдан бастап университет қайта қанат жайып, жаңа факультеттер қатары көбейе бастайды. Білім ордасын әр жылдары Иван Лукьяненц, Төлеген Төжібаев, Асқар Закарин және Теміrbai Darqanbaevтар басқарып, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан сынды қазақтың көрнекті тұлғалары дәріс оқығанын мақтандыспен еске аламыз.

Қазіргі ҚазҰУ қалашығының бой көтеріп, қалыптасуына басшылық жасаған халқымыздың қайраткер тұлғасы Дінмухамед Қонаев екені баршаға аян. 1966 жылы 17 маусымда ҚазМУ қалашығын құру, жаңа оқу ғимаратының салу бойынша арнайы қаулыға қол қояды. Мұндағы мақсат республикадағы университеттік білімді жетілдіру, Қазақ мемлекеттік университеттің оқу-материалдық базасын жақсарту болатын. Осы қаулы негізінде 1966 жылдың 6 тамызында Қазақ КСР Министрлер кеңесі ҚазҰУ қалашығы құрылышына арнайы жер бөлу жөнінде шешім қабылдайды.

Ал 1971 жылдың сәуірінде мемлекеттік университеттің бас ғимаратының іргетасын қалау салтанаты өтіп,



1972 жылдың 24 шілдесінде Қазақ КСР Министрлер кеңесі ҚазМУ кешені құрылышының бірінші кезеңін бастау жөнінде кезекті қаулы шығарады. ҚазҰУ қалашығын салуда профессор Асқар Закарин, академик Әмірбек Жолдасбековтің еңбегі зор.

Ал тәуелсіздік кезеңінде академик Кепжасар Нәрібаевтың басқаруымен университет дамудың жаңа сатысына көтерілді. 1991 жылдың 23 қазанында білім орнына ғұламаған әл-Фараби есімі, 1993 жылдың 9 қантарында «мемлекеттік ұлттық жоғары оқу орны» мәртебесі берілді. 2004 жылдың 8 қыркүйегінде университеттің 70 жылдық мерейтойы аясында «Әл-Фараби» ғылыми кітапханасының іргетасы қаланды. 2007 жылы қоладан құйылған әл-Фараби ескерткіші орнатылды.

Жалғасы 2-бетте



## Философиялық мәні бар таңба

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің ғылыми кеңесінің көзекті отырысында білім ордасының 90 жылдығына орай, ҚазҰУ-дың жаңартылған логотипі

бекітілді. Шешім барша ғылыми кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруі нәтижесінде жүзеге асты.

Жалғасы 5-бетте



Абыроый  
асқақ  
ALMA MATER

3 >>



ҚазҰУ  
дипломатия  
мектебін  
қалыптастырыды

4 >>



КазНУ  
преобразуется  
в мегакампус

6 >>







**Тегали  
ШЕДЕНОВ,**  
академик,  
экономика  
ғылымының  
докторы:

– Бізге дәріс оқып, тәлім үйреткен тамаша адамдар, экономист-профессорлар – И.Бровер, С.Нейштадт, М.Романов, И.Лукьянец, А.Граходовский, Т.Шәүкенбаев, Ф.Жеребятев, М.Бутин, С.Баншев, Г.Постенко, С.Голденгерш және т.б. ғалымдардың құрметпен еске түсіремін. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай айтқандай, шәкірт біткенді білімнің қайнар бұлағына қандыған мәртебелі ұстаздар алдында мәңгілік қарыздармыз. Сондай елеулі, еңсілі тұлғалар еңбек еткен университетіміздің ігі дәстүрі үзілмей, күні бүгінгө дейін тектәндаулылардың ғана дәріс оқып келгеніне көңіл тоғайып, марқаяды екенсін.

Әділетті Қазақстан елінің туын көтерген университетіміздің табысы мен жетістігі аз емес. Әлеуметтік-экономикалық мәселелердің он шешімін табуымен мәдениетіміз көркейіп, оқу-білім саласы да тың серпін алуда. Бір кездері Ахмет Байтұрсынов былай деген екен: «Біздің заманымыз – еткен заманың баласы, келер заманың – атасы». Осы ұлы қасиетті сөзден жас үрпақтың бақытты, бақуатты болашағына деген сенім орнығып, ол сенім нығайған сайын алдыңғы буын өкілдері ретінде біздің де көңіліміз толады. Баршаңызыды университетіміздің 90 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!



**Жанара  
ДӘДЕБАЕВ,**  
филология  
ғылымының  
докторы, про-  
фессор:

– Ұлттың ұлық университетінің құрылғанына 90 жыл болды, Қазақстан тәуелсіз жаңа мемлекет ретінде қалыптастып, түрлі бел-белестерден өтті, жетістіктерге жетті. Осы жетістіктердің баянды, іглікті болуына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ айрықша зор еңбек сінірді. ҚазҰУ ұлттық жоғары білім мен университеттік ғылымының жаңа жүйесін қалыптастырып дамытуда, заман талабына сай инновациялық өнім өндіруде, халық шаруашылығы үшін жоғары білімді, жоғары білікті мамандар даярлауда, Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетінің қарыштап есүс, елдің ынтымағы мен бірлігінің нағаюы жолында ерен енбегімен дараланды. Мұндай ерен енбектің, жасампаз құштің қайнар көзі – университеттің оқытушы-профессорлар корпусы. Жарты ғасырымды есігін ашып, аудиториясына кіріп, өзім білім алып, білім өндірге, жастарға білім беруге арнаған университетіме, білім берген ұстаздарыма, қатар қызмет еткен замандастарыма, кейінгі жастарға шексіз құрметтімді білдіремін. Мындаған профессорлар мен оқытушылар ұжымын, студенттер мен барлық білім алушыларды ҚазҰУ-дың мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

# Абыроýы асқақ ALMA MATER

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өзінің 90 жылдық мерейтойын бастап кетті. Осы оқу орнында ұзақ жылдар қызмет етіп, бірге жасап келе жатқан ардагер ұстаздарымыз, құрметті профессорлар газетіміздің әр санында құттықтауларын айтып, баталарын беріп жатыр. Төменде ардагерлердің, бүгінгі ұстаздардың университет туралы естеліктерін, жылы лебіздерін беріп отырмыз.**



**Әділхан ЭБІЛДАЕВ,**  
Теориялық және ядролық физика кафедрасының профессоры:

– Биыл менің университет табалдырығын аттап кіргеніме 67-ші жылға аяқ басыпты. Осы жылдарда университет ұжымы үшін есте қаларлық әртүрлі қуанышты жағдайлар болды. 70-жылдардың басында болған бір қуанышты оқиғаны айттын. Бір күні деканның орынбасары Ұлан Ҳусайнұлы бірнеше жас жігітті кабинетіне шақырып алып: «Қазір сендер факультеттің барлық аудитория, лаборатория, шеберханаларын аралап, онда отырған адамдардың біріне мынадай хабарлама таратындар: «Бүгін сағат 13:00-де факультеттің барлық қызметкерлері университеттің бас корпусының алдындағы аланға жиналсын» деп тапсырма берді. Бес минут өтпей факультет есігін сыртынан кілттеп, Панфилов-Киров көшесінің қылышындағы бас корпусқа ағылдық. Біз бас корпусқа жеткеннен кейін 10 минут өткенде сол кезде ғашынан ҚазМУ-дың партия комитетінің бірнеші хатшысы Ю.А.Кузнецов шығып, қолындағы дауыс үлгайткыш арқылы елді тынышталуға шақырды. Жұрт тым-тырыс. Кузнецов қолындағы бір жапырак, қағазға жазылған телеграмманы оқып шықты:

«Сегодня председатель Совета Министров СССР товарищ Косыгин подписал постановление Правительства СССР о выделении земельного участка в г. Алма-Ата площадью 93 гектара для строительства КазГУрграда».

Ректор Ә.А.Жолдасбековтің қолы қойылған. Осылайша біз ҚазҰУ қалашығының жері бөлінген сәтке куә болдық. Бұл өмір бойы менің жадымда сақталып қалды. Бүгінде әлемдік озық университеттер қатарынан орын алып отырған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұстаздарын, студенттерін 90 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!



**Қансейіт ЭБДЕЗҰЛЫ,**  
профессор, филология ғылымының докторы:

– Тәлім мен тәрбиенің алтын бұлағы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің 90 жылдық тарихында үлкен тарихи белестерден өтті. Ұстаздарымың барлығы атақтары алысқа кеткен, аңыза айналған, қазақ білімі мен ғылымының қаймақтары еді... Қазақ әдебиетін әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясымен әлемдік деңгейге алып шыққан суреткер қаламгер, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов 1934 жылдан бастап көз жүргінгенде 70 жылдардың жағына дейін табан аудармай, отыз жылға жуық университеттімізде дәріс оқыды. Біз, 70-жылдардың студенттері, Мұхтар Әуезовтің көзін көрген жоқпаз. Алайда сол кеменгер ұстаз болған Мұқаның шәкірттері – профессорлар, академиктер: З.Қабдолотовтын, Т.Кәкішевтің, Б.Кенжебаевтың, Х.Сүйіншәлиевтің, Т.Нұртазиннің, М.Ғабдуллиннің дәрістерін тындаудық.

Ұстаз ұлағаты, оның қасиетін жоғары бағалап, қадіріне жету, қастерлеп сақтау, оны жас үрпаққа, әрбір жаңадан келген буынға аманаттау дәстүрі туған университеттің ҚазҰУ-да терең жалғасып келеді. Мен осыған қуанамын. Биылғы 90 жылдық мерейтойымен баршаңызы құттықтайтырып, алтын ұмыздары ұлы дәстүрлердің арқауы үзілмеуін, алдағы ғасырларда да мәңгілік жалғаса беруін тілеймін!




**Тамара ШАЛАХМЕТОВА,**  
профессор, доктор биологических наук, член-корреспондент МАН ВШ:

– В условиях увеличивающегося техногенного воздействия на окружающую среду и ухудшения здоровья населения нам приходится осуществлять поиск и разработку перспективных лекарственных средств из растительного и природного минерального сырья Казахстана. Многие препараты, разрабатываемые химиками и фармакологами, прошли и проходят предклиническое испытание на модельных животных и в тестсистемах в лаборатории, которая была создана в КазНУ им. Аль-Фараби. При этом проводятся исследования по экспериментальному обоснованию применения новых препаратов – цитопротекторов, антиоксидантов, антимутагенов. Результаты этих исследований нашли отражение в совместных научных статьях и патентах РК.

Другим активно развивающим и очень важным для республики научным направлением является исследования в области нейробиологии. Вместе с учеными из США, проводятся исследования по изучению клеточных механизмов нейродегенеративных заболеваний (болезнь Альцгеймера, инсульты) и осуществляется поиск эффективных нейропротекторов, а также разработка методик сочетанной клеточной терапии (столовые мезенхимальные клетки и растительные антиоксиданты).

В канун 90-летнего юбилея разрешите пожелать всем сотрудникам и студентам доброго здоровья и больших успехов в продвижении нашего университета во всех мировых рейтингах!



**Айжан  
МУЛДАГАЛИЕВА,**  
доцент кафедры  
иностранных  
языков, кандидат  
филологических  
наук:

– Кафедра иностранных языков официально стала самостоятельной структурой университета им. С.М.Кирова в 1959 году. Первым заведующим кафедрой был к.ф.н., доцент Ефим Моисеевич Шварцман. Преподавательский состав состоял в основном из выпускников институтов иностранных языков Москвы, Ленинграда, Киева, Минска, а позднее – университета имени Абылай-хана, ранее известного как Алма-Атинский институт иностранных языков. Это был сплоченный коллектив единомышленников, любящих свою профессию и своих студентов. Как и в настоящее время, преподаватели кафедры занимались научной работой, писали методические разработки, давали открытые уроки, проводили методические семинары, участвовали в университетских конференциях, активно проводили воспитательные мероприятия со студентами, повышали свои методическую и языковую квалификации и т.д. В этом году исполняется 43 года как я тружусь в КазНУ им. Аль-Фараби. Мне всегда было комфортно работать в этом коллективе. Это – коллектив высококомпетентных профессионалов, глубоко погруженных людей, требовательных к себе и студентам.

Пусть Казахский национальный университет им Аль-Фараби развивается, крепнет и процветает, готовит будущих кадров – профессионалов, которые смогут успешно конкурировать на рынке труда в Казахстане и за рубежом. Поздравляю всех коллег, работников университета с 90-летним юбилеем!



**Куралай  
БАЙЗАКОВА,**  
профессор  
кафедры  
международных  
отношений и  
мировой  
экономики:

– С обретением независимости Республики Казахстан встал вопрос об открытии новой специальности «Международные отношения», о подготовке новых дипломатических кадров для молодого государства. По инициативе профессора Ж.У.Ибрашевы и профессора Г.Ш.Жамбатыровой в 1992 г. была открыта сначала кафедра международных отношений и внешней политики Республики Казахстан, а затем факультет международных отношений.

В судьбоносное время для нашей республики, в трудные 90-е годы становления и развития системы высшего образования суверенного Казахстана нашему университету, повезло, что нашим ректором был К.Н.Нарибаев. Прежде всего, именно он добился присвоения университету имени известного ученого энциклопедиста Востока аль-Фараби. В тот период, когда самовыживание высшего образования казалось проблематичным, он выдвинул идеи реформирования и развития университета, да и в целом высшего образования Казахстана. Его реализм, учитывающий реальные возможности и потребности страны, позволили в условиях рыночной экономики и международной интеграции не только выжить, но и начать новый виток развития нашего университета.

Сегодня перед молодым поколением открываются прекрасные возможности, но и на них лежит большая ответственность за будущее нашей страны, за будущее ее международного имиджа. Хочу поздравить всех коллег с 90-летним юбилеем КазНУ! Желаю вам процветания и творческих успехов!

Халықаралық қатынастар факультеті 1995 жылы Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей қолдауымен құрылып, негізгі (базалық) оқу орнына айналды. Факультет өз уақытында құрылды, заман талабы соны қажет етті. Министр өзі бас болып және белгілі, тәжірибелі дипломаттар, атташлер қош көріп, факультетке келіп, студенттерге акт залында соңғы хабар мен жаңалықтарды жеткізіп, дәріс оқыды. Ауызбауыз, көзбе-көз қатынас жасай отырып, тыңдау студенттерге ерекше әсер етті. Олар өздерін қызықтыратын саяси мәселе-лөрге байланысты сұрақтарын жаудыратын. Ал ең бір әсерлі жайт, министрге түрлі тілде (қазақ, орыс, ағылшын, қытай) сұрақ қойса, олар сол тілде жауап алатын.

Факультетте егемен Қазақстанның ішкі-сұртқы саяси дипломатиялық қатынастарға байланысты тәлім-тәрбиесі молдәстүрлі «елші сағаттары», дәңгелек үстел, шетелдік мамандармен жоғары дәрежедегі кездесулер үйімдастырылып тұратын. Сонымен қатар тығыз іскерлік қарым-қатынастар сан салада өзінің орны мен қажеттілігін тауып отырды. Министрлікте студенттерге практиканада өткізу мүмкіндіктер берілетін; студенттердің шет тілінен білім деңгейі мемлекеттік емтихандар барысында тексерілет; мемлекеттік емтихандарға төрелік етіп келетін Сыртқы істер министрлігінің өкілдері Ә.Қырбасов, М.Атанов, Н.Дәпенов т.б. біздің түлектердің шет тілінен алған білімінен көңілдері толып, ризашылықтарын білдіріп, мақтатайтты.

Болашақ халықаралық дәрежедегі мамандардың, дипломаттардың, өз елімізде білім алғып, жетіліп, шындалып шығуы бүкіл халықтың үлттық мұддесі еді. Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік үйімінен тен мүшеболуы, көптеген дүниежүзілік үйімдарға мүшеболу кезеңінде, кәсіби деңгейі жоғары, саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жене алатын болашақты құрушу іскер, өмірге икемделген, жан-жақты білімді, мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыруға факультет зор үлес қости.

Іс жүзінде халықаралық қатынастар факультетінің құрылуына, оқу үдерісінің қалыптасуына бар күш-қуатын, білімін, тәжірибесін сарп еткен факультеттің тұнғыш деканы, профессор Г.Жамбатырованы ерекше айту керек. Мұндай білім ошағы Қазақстанда мұлдем болмаған, сондықтан оның аяғынан тік тұрып кетуі оңай болған жоқ. Факультеттің қалыптасуы, заңды іргетасының мықтап қалануы, оның жабдықталуы үшін Гүлжаян Шағатайқызы өз команда-сын жинады. Оқытушы-профессорлар құрамының іріктеліп, жасақталуына аса зор назар аударып, оларды игілікті жұмысқа жұмылдырыды. Факультеттің бастау алған кезеңінде өзінің айналасына рухы бір, көзқарасы бір, дүниетанымдары бір пікірлес әрітестерін топтастыруды. Олар өз салаларында белгілі мамандар мен ғалымдар еді, профессорлар: Ж.Ибрашев, М.Сәрсенбаев, С.Айдарбаев, К.Байзакова, Ф.Мовкебаева, Ф.Күкесова, М.Губайдуллина, К.Мақашева, И.Черных т.б.

Факультеттің кез келген кафедрасы мен оқытушысы студенттеріміздің, кәсіби біліктілігіне қол жеткізуде, олардың адамгершілік рухани ұстаны-



# ҚазҰУ

## дипломатия мектебін

## қалыптастыруды

мын жетілдіруде, салауатты, интеллектуалды үлт болып қалыптасуына өз жауапкершіліктерін толық сезінді, осы ерекшеліктерді дамытуға белсенді үлес қосып, тәжірибе алмасты, осы қасиетті, құрметті қағида-ны ұстанды.

Факультеттегі жетекші кафедралардың бірі – Шет тілдер кафедрасы. Ол жоғары дәрежелі, заманауи таланттарға сай фактует түлектерінің бәсекелестікке, дипломдарының айырбасталатын (яғни конвертируемый) қабілетіне ие болатын жолдарын жетілдіру сияқты шаралар атқарды.

1996 жылы бастаған инвестиция саясаты елімізде ағылшын тілін үйренуге бетбұрыс жасады. Қазіргі заманауи ғылымның, мәдениеттің, саясаттың ғаламдану дәүірінде, шет тілінің құндылығы мен дипломатиялық қарым-қатынас жасауға, сауда мен бизнес салаларын дамытуға зор мүмкіндіктер туды.

Факультет түлектерінің біліктілігі халықаралық стандарттарға сай екендігін үақытта, заман талабы да көрсетіп жүр. Олар халықаралық деңгейдегі мәселелермен айналысадын түрлі мемлекеттік және шетелдік министрліктерде, Әділет, Корғаныс министрліктерінде, Президент пен Үкімет аппаратарының халықаралық бөлімдерінде және т.б. мәртебелі орындарда табысты қызмет атқарып жүр. Қазақстан Республикасы шамамен 182 мемлекеттің қарым-қатынас орнатты және шетелдерде 67 өкілдіктері бар. Факультет түлектерінің бірқатары еліміздің ішкі-сұртқы дипломатиялық салаларында абыраймен қызмет атқарып жүр.

Сол кездері Шет тілдер кафедрасында 60-жылдық оқытушы дәріс берді. Ұжымды қалыптастырып, оның оку процесіне жұмылдыруға басшымыз декан болып, қостаушылары кафедра менгерушісімен бірге кафедра-

ның жетекші оқытушылары ат-салысты. Шет тілдер кафедрасында дәріс беру үшін тәжірибелі, білікті, шет тілін жетік менгерген мамандар шақырылды. Осы кафедраның негізін құруға белсенді қатысқан оқытушылар – доценттер: Г.Сүлейменова, М.Макышева, Л.Котиева, Н.Пак, Г.Айғабылова, Р.Сарбаева, аға оқытушылар: Ж.Мұқашева, А.Мұртазаева, С.Еникеева, М.Нұрғалиева, З.Токмұхamedova, Г.Кәріпбаева т.б.

Мен ҚазҰУ-да 51 жыл бойы шет тілінен (неміс, ағылшын) дәріс бердім, оның 20 жылданда кафедра менгерушісі ретінде қызмет атқардым. Факультеттің де, кафедраның да бар шаруасының тұрмыс-тіршілігінің сап түзеп тұрып кетуіне бар ынта-жігеріммен кірістім. Шет тілдері негізгі пәннің, бірі болғандықтан, оған оқу бағдарламасы бойынша және Гүлжаян Шағатайқызының табанды талабы арқасында көп сағат болінетін, нәтижесінде студенттер шет тілін мейлінше шебер, сауатты, жылдам игеру қабілетіне қол жеткізіп, емін-еркін ауызекі сөйлеу дәрежесінің деңгейін көрсеттін.

Декан кафедраның жан-жақты жабдықталуына ерекше демеу көрсетті: тіл үстартуға арналған тілдік және фонетикалық лабораториялар, дәріс беруге арналған арнаулы аудиториялар, оқытушылар болемесі, сонымен қатар шетелдерден тапсырыспен алдыратын арнаулы оқулықтар мен оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету факультеттің күн тәртібінен түспейтін іс-шара болды. Декан тарапынан осы пәнге зор қамқорлық көрсетілуі кафедра оқытушыларын қанаттандырып, сабак беруге барынша жігермен, ықыласпен кірісті. Соның тағы бір дәлелі ретінде профессор Гүлжаян Шағатайқызы қазақ мектептерін келген қазақ топтарын

құрған студенттерге ерекше көңіл бөлді. Сол кездері қазақ топтарына арналған оқу құралдарына тапшылық зор еді. Осы жағдайларды ескере отырып, қазақ топтарындағы 1-курс студенттеріне арналған «Ағылшын тілі» (1999 ж.) және 2-курс студенттеріне арналған «Ағылшын тілі» (2005 ж.) дайындалып, жауық қөрді. Reader for Students of international relations (2007 ж.) атты жоғары курс студенттеріне арналған метіндер жинағы «Халықаралық қатынастар» мен «Халықаралық құқық» мамандықтары үшін пайдалы, иглікті қажеттілікке не болды. 2-курс студенттеріне арналған «Ағылшын тілі» оқулығы республика көлемінде ашық конкурсқа түсіп, жыл сайын қайта басылып шығуын қамтамасыз ететін грант жеңіп алды. Осы оқулықтарды доцент М.Макышева екеуміз құрастырылды. Жоғарыда атталған оқулықтар өз құндылығы мен маңыздылығын атқарып, оқу құралы ретінде студенттердің көңіл пайдалануын тиімділік мен жарамдылығын көрсетті.

Кафедра оқытушылары өздерінің көсібі біліктілігін, тілдік

лық әдістемеліктерге сұраныс туды, бұрынғы қолданыста болған оқу құралдары лайықтамаған, олар кешегі күннің туындылары, өткен өмірдің көрсеткіштері болып қалды.

Мен Шет тілдер кафедрасының менгерушісі ретінде Гүлжаян Шағатайқызының қамқорлығымен қоса, университет ректоры Қәпжасар Нәрібайұлы мен проректор Зұлхайыр Аймұхамедұлының қамқорлығын айтпай кетуге болмайды. Факультет таңдаулы (әліталақ), танымал жоғары оқу орындарының біріне айналды. Осында оқуға түсушілердің саны жылдан-жылға көбейе түсті. Соған қарай университет, факультет басшылығының жауапкершілігі де арта берді. Абырой болғанда, факультетте тәртіп бұзушылықты да, сыйбайлас жемқорлықты да естіп көрmedік. Тәлім-тәрбие, тәртіп бірінші катарда тұратын.

Сол жылдарды ҚазҰУ Халықаралық университеттер ассоциациясы құрамына Қазақстан бойынша бірінші жоғары оқу орны болып кірді. Бұл құбылыс университеттеге әлемдік білім беру сапасына қарай бет бұруна мүмкіндік берді. Ол дүниежүзіндегі алдыңғы қатардағы университеттермен (Түркия, Оңтүстік Корея, Жапония т.б.) екіжақта тығыз қарым-қатынас жасауға мұрындық болды, студенттер мен аспиранттар алмасуы, дайындық курстарынан өтеген сияқты кездері болады.

Факультетте, кафедраларда қарапайым құнделікті адами тіршіліктер болып тұратын. Есіме жи түсетін бір жайты айта кетейін. Ректор мырза Оңтүстік Кореяга барған бір сапарында факультетке біраз қол магнитофондарын алып келді, біздің қуанышымызда шекжек, бір-бір магнитофонды алып, аудиторияға барып бірінші рет алғашқы шетел материалдарын студенттерге тыңдаттық. Олардың (Англия), Global Education (АҚШ), Гете атындағы институт пен DAAD (Германия), французы орталығы т.б.

Айта кету керек, кафедра шетел елшіліктерімен тығыз байланыста болды.

Олардың өкілдері мен мәдениеттің байланысында шеберлігін өткізу шағарламаларының іс-шараларына қатысатын, нәтижесінде сертификат атқарылды. Олар British Council (Англия), Global Education (АҚШ), Гете атындағы институт пен DAAD (Германия), французы орталығы т.б.

Шет тілінен сабак беретін мамандар үлкен сұраныста болды. Кейір оқытушылар кафедрада тұрақтанды, көбіне жерде жұмыс істеді, аумалы-төкеліп заман орнап, халықтың біразы ауыр материалдық жағдайға душар болды, ал кафедрадағы тәжірибелі, білікті мамандарды үстап тұру үшін декан осыдан шығудың жолын тапты. Білікті жаңашыл ректор мырза озық мамандарға қосымша жалақы беріп, жағдайды үтімді шешті. Кафедрага, студенттерге, өз пәніне шыныай нағыз берілген үстаздарға – Г.Сүлейменова мен М.Макышева да доцент атағын беріп, зор құрмет көрсетілді.

Жалпы, халықаралық қатынастар факультеттің аузының салымы бар. Факультетке декан қызметтің атқаруға келген келесі ғалым-профессорлар факультеттің абыройын зор құрметпен атқарып келді.

П р о ф е с с о р л а р Е.Жатқанбаев, Қ.Байзакова, К.Шәкіровтар факультетте орнықсан білім, тәрбие, өнеге руҳын сақтады. Бүгінгі факультет тізгінің үстап отырған PhD докторы Л.Деловарова үлкен жауапкершілік арқалап отыр. Факультет – қасиетті, киелі оқу орны, бір сөзben айтқанда, елдің тыныштығын, бірлігін, ауызбіршілігін, бейбіт өмірін қамтамасыз ететін үстахана.

**Роза ҚАЙЫРБАЕВА, ф.ғ.к., профессор**



# Философиялық мәні бар таңба



Соңы. Басы 1-бетте

«Білім ордасының жаңа таңбасында университеттің құрылған жылы көрсетіліп, әртүрлі түстер ерекше үйлесім тапқан. Тау бейнеленген таңба философиялық мәнге толы әрі әрбір кескін ұтымды пайдаланылған. Бұл университеттің мақсаты мен бағытын көрсететін ерекше нышандық белгі», – деді университеттің жаңа логотипін бекіту бойынша баяндама жасаған ҚазҰУ Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы Қарлығаш Үсейнінова.

Ағымдағы жылдың 15 қаңтайдында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің құрылғанына 90 жыл толады. Осылан орай, 2023 жылдың қараша айында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті өз логотипін жаңартуға арналған республикалық дизайнерлер, магистранттар, студенттер арасында байқау жариялаған болатын. Оған 80-нен астам үміткер қатысып, өз жобаларын ұсынды.



Университет басшылығы мен белгілі дизайннерлерден құралған комиссия мүшелері байқауға келіп түскен жұмыстарды сарапқа салып, жеңімпаздарды анықтады. Бірінші орын алған жұмыс байқау комиссиясына «Farabi» лақап атымен жіберілген. Суретші-дизайнер аты-жөнін жарияламауды сұрап, жобасы жеңімпаз атанған жағдайда жүлде қорынан бас тартатынын жеткізген.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Сондай-ақ оқу орнының түлегі ретінде университеттің 90 жылдығына айрықша тарту жаңағысы келетінін, авторлық құқығын университетке сыйлайтынын атап көрсеткен. Қазылар алқасы бірауыздан осы жобаны үздік деп таныды. Нәтижесінде байқау жеңімпаздарына қаржылай сыйлық пен сертификаттар тапсырылды.

## Farabi university логотипі бай мазмұнга ие

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында логотипін жаңартты.

Көне заманнан бері әрбір ұлттық мәдениеті мен тарихы, дәстүрі мен танымы тасқа қашалып, таңбаланып келеді. Сол таңбалар арқылы біз әр ұлт пен ұлыстық өмір салты мен ерекшелігін танимыз.

Бүгінгі күні әр мемлекеттің өзіндік елтаңбасымен қатар, әр мекеме, ұйымның өз таңбасы мен нышандық белгісі бар.

Заман талабына сай жаңарған Farabi university логотипі де бай мазмұн мен мағынаға ие.

Логотип ортасында биік шың бейнеленген.

Оқу орны Алматы қаласында, Іле Алатауының етегінде орналасқан.

Тау – сенімділіктің символы: тұрақтылық, биіктік, біртұтастықты және «F» әрпін бейнелейді.

«F» – Фараби есімінің алғашқы әрпі. U – Университет атауын білдіреді.

Әл-Фараби ғылымда – жаратылыштану, метафизика, математика, логика, астрономия, медицина, этика және т.б. салалардың қалыптасып, дамуына өлшеусіз еңбек сінірген ғұлама.

Логотипте баспалдық сыйқыттары – білімге бастайтын қадамдарды бейнелейді.

Ұлы ойшыл әл-Фараби жаңа философияның негізін қалау арқылы әлем алты сатыға (кезең) бөлінетінін тұжырымдайды.

Айқара ашылған кітап – даналық пен ізденіс нышаны.

1934 жыл – университет құрылған кезең.

Жұлдыздар – ғылыми еңбектердің символы, білім мен ғылымға, табыс пен жеңістікке үмтүлуды білдіреді.

Көктүс – шарықтау белгісі. Көшбасшылық, зейін ұшқырлығы әрі танымдық интеллектінің айшықтайтыды. Сондай-ақ кемелдікке, «толық адам» болуға үмтүлған жастардың асқақ мұраты. Мемлекеттік түмен үйлесімділікті де көрсетеді.





# КазНУ преобразуется в МЕГАКАМПУС

**Казахский национальный университет имени Аль-Фараби имеет архитектурное значение, как одно из визитных карточек города Алматы и важный архитектурный объект в Казахстане. Здания университета, построенные в разные периоды его существования и представляют собой различные архитектурные стили. Изначально университет имел архитектурные черты, характерные для периода его основания в 1930-х годах. Облик университета отражает культурные элементы и традиции Казахстана. Архитектурный стиль включает в себя уникальные детали и орнаменты с использованием местных строительных материалов. Архитектурное значение университета является частью исторического и культурного наследия города и страны в целом.**

Главным достоинством кампуса – является его ландшафт. Выстроенная череда высоких стрельчатых арок у входа, парадная часть благоустроена в соответствии с сегодняшними представлениями о прекрасном. Стоит пройти по эспланаде вглубь, мимо выходящих к ней торцом корпусов факультетов и спуститься с верхней террасы, тут же окажетесь в природном ландшафте, где стихают уличные шумы, развеиваются стрессы.

Одна из главных целей – при поддержке Главы государства начата работа по реализации II этапа строительства городка КазНУ им. Аль-Фараби с 50-летней историей.

КазНУ планирует осуществить строительство нового кампуса в рамках постановления Правительства Республики Казахстан «Об утверждении концепции развития высшего образования и науки в Республике Казахстан на 2023-2029 годы» №248 от 28 марта 2023 года, который будет включать:

- Офисы по ул. Тимирязева. Площадь застройки: 3 270 м<sup>2</sup>, общая площадь, 9-ти этажный блок – 14 715 м<sup>2</sup>, 6-ти этажный блок – 9 810 м<sup>2</sup>.

- Учебные блоки. Площадь застройки: 27 820 м<sup>2</sup>, общая площадь – 166 922 м<sup>2</sup>.

- Больница. Площадь застройки 3400 м<sup>2</sup>, общая площадь – 13 600 м<sup>2</sup>.

- IT HUB (8-9 эт.). Площадь застройки 12 500 м<sup>2</sup>, общая площадь – 61 300 м<sup>2</sup>.

- Жильё для преподавателей. Площадь застройки – 12 060 м<sup>2</sup>, общая площадь квартир – 65 125 м<sup>2</sup>.

- Общежития. Площадь застройки 25 252 м<sup>2</sup>, количество койко-мест: Н-образное общежитие (3) : 3 180, коридорного типа (17) : 13 500.


Всего: 18 117 мест для студентов.

- Сооружения по Аль Фараби. Площадь застройки – 15 100 м<sup>2</sup>, общая площадь отеля – 32 300 м<sup>2</sup>, общая площадь ректората – 17 100 м<sup>2</sup>.

В рамках данного строительства будет осуществлен ремонт в зданиях: Дворец студентов им. У.А.Жолдасбекова, стадион, комбинат питания и здания Ректората.

По II плану развития КазНУ в городе будет построено несколько общежитий для студентов. 15 декабря в университете состоялась церемония закладки фундамента для строительства трех современных общежитий на 1060 мест, в общей сложности на 3180 мест. Общая площадь трех девятиэтажных общежитий составляет 49 703,94 квадратных метра. На каждом этаже студенческого дома предусмотрены современные читальные залы, зоны отдыха, столовая, кофейня, спортзал, бытовые помещения. Одна полностью оборудованная комната площадью 70 квадратных метров рассчитана на четырех человек.

В этом году будет построено еще четыре учебных корпуса, поликлиника площадью 35 тысяч квадратных метров. В новом медицинском центре предусмотрены поликлиника, факультет медицины и здравоохранения, стоматологические кабинеты. Кроме того, инновационный центр, IT-хаб, разработан план зданий спортивно-оздоровительного центра и др. Одним словом, интенсивное строительство КазНУ станет отличным подспорьем к 90-летнему юбилею.



# ОРТАЛЫҚ Өндірістік қаптамалар әзірлеуді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойы қарсаңында химия және химиялық технология факультетінде ғылым қорының қаржылық қолдауымен машина жасау және құрал жасау қажеттіліктегіне арналған металл бүйімдарын өндеу инновациялық ғылыми-өндірістік Chemical Coating Innovations орталығы ашылды.

Бір айта көтерлігі, жобаны өнеркәсіп секторының нақты сұранысына негіздей отырып жүзеге асыру көзделген. Анығында, теміржол саласының алпауыты саналатын француздық ALSTOM компаниясының технологиясы бойынша теміржол автоматикасын шығарытын «ҚазЭлектроПривод» БК ЖШС машина жасау зауыты халықаралық стандарттарға сәйкес қапталатын қорғау қаптамасын алу технологиялары

мен қызыметтерін қажет етті. Ал Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да электрхимиялық технологиялардың тұтас жүйесі өзірленген, осыған орай, атап да жоба қолға алынды. Мамандардың айтуынша, алдағы уақытта түрлі мақсаттағы электролиттік қаптамаларды алу технологиялары коммерцияландыруға ұсынылмашы. Олардың ішінде:

- композиттік қаптамалар: тозуға тәзімділіктің жоғарылауы мен анти-



коррозиялық қасиеті бар (тұзды тұман камерасындағы тұрақтылық – 1000 сағатқа дейін).

- ыстыққа тәзімді қаптамалар, құймалар негізінде көрсетівтік қаптамалар: реактивті қозғалтқыштар немесе өнеркәсіптік пештер сияқты жоғары температуралы орталарда орналасқан компоненттерді қорғау; магниттік қасиеттер маңызды са-



налатын қолданбаға арналған.

- дәстүрлі металл қаптамалар (Zn, Ni, Cu, Au, Ag және т.б.): жақсартылған сыртқы түрі, жоғары өткізгіштігін, коррозиядан қорғауды және т.б. қамтамасыз етеді. Олар зергерлік бүйімдарды

шығару процесінен бастап, электроника мен құрылым өндірісіне де-йін негізгі рөл атқарады.

Тағы бір айта кететіні, бұлардың сондай-ақ конверсионды, полимерлі және т.б. химиялық қаптамаларды қаптау әзірлемелері бар.

**Гүлзат Нұрмолдақызы**

## Chemical Coating Innovations FEO-ның негізгі қызмет түрлері:

1. Түрлі қаптамаларды қаптау бойынша қызмет көрсету.
2. Металдарды өндеудің жаңа технологиясын әзірлеу.
3. Гальваникалық (электрхимиялық) өндірістік технологі және операторы құзыреттерін мемлекеттік оқу орталығының қызметін пайдалану.

## Мегагрант үш жылда игеріледі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті ҚР ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым комитетінен 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар конкурсында мегагрантты жеңіп алды. Грант көлемі – 4 млрд теңге.

Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында жүргізілмекші. «Өңірдегі жүргізіліп жатқан экономикалық қызмет нәтижесінде ерозиялық процестердің, жайылымдық депрессия мен шелейттену проблемаларының барын анықтау үшін зерттеулер жоспарлануда. Бағдарламаның мақсаты – Батыс Қазақстан өңірінің табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақты дамуын (УР) қамтамасыз ету бойынша кешенді зерттеулер жүргізу», – дейді М.Асқарова.

Бағдарламаны «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті» KeAK, «География және су қауіпсіздігі институты» АК, «У.М.Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геоэкология институты» ЖШС, «Ө.Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, «Балық шаруашылығының ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС, «Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетті» KeAK, «Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетті» KeAK, ҚР ЭБЖМ ОШЖДК «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК, ҚР ФЖБМ РК «Экономика институты» ШЖҚ РМК бірлесе орындаиды.

Жоба қатысушылары қордап алған мәселелерді зерттеу үшін тың шешім ұсынып, сапалы зерттеудің заманауи әдістерін қолданады.

**Гүл Құттыбекқызы**



## Көпжылдық бидау нарыққа шығады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің биология және биотехнология факультетінің деканы, қауымдастырылған профессор, биология ғылыминың докторы Меруерт Құрманбаева мемлекеттік ғылыми стипендия інегері атанды.

Фалым байқауға «Қазақстандың оңтүстік және оңтүстік-шығысында биоалуантурлілік пен топырақтың құнарлылығын сақтауда көпжылдық бидайды егіншілікке енгізу» ғылыми жобасын ұсынған. Жобаның мақсаты – экологиялық және экономикалық тұрғыдан тиімді көпжылдық бидайды нарыққа шығару. Жоба жетекшісінің айтудың қазіргі таңда біржылдық бидай мол өнім бергенімен, топырақтың булінуіне алып келеді. Сондай-ақ егістік науқанында біржылдық бидайды еккен кезде жыл сайын көп шығын жұмысалады.

Профессор Меруерт Құрманбаева ұсынған көпжылдық бидай топырақтың эрозияға ұшырауынан сақтайты. Сонымен қатар жыл сайынғы жер жырты мен дақылды егу жұмыстарын қажет етпейді. «Қазақстанның ұлттық брендтерінің бірі – бидай. Көпжылдық бидайды бір рет қана егіп, 5-6 жыл өнім аламыз. Бұл еліміз

үшін ете тиімді. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде 40-тан астам зерттеу орталықтары көпжылдық дақылдарды зерттеумен айналысады. Біздің жобамыз Қазақстандағы көпжылдық бидайға жүргізілген тұнғыш зерттеу. Қазіргі таңда ғылыми жобамызды нарыққа шығаруды жоспарлап отырымыз. Көпжылдық дақылдың біржылдық дақылдан артықшылығы – оларда тамыр жүйесі жақсы дамыған. Бұған қоса, топырақтың сапасын жақсарту, көміртектің сіңуін арттыру, судың енін қамтамасыз етуде ықпалы зор. Тұқымынан белек, жерусті белігі еліміздегі жемшөп тапшылығы мәселесіне он әсерін тигізетін айқын», – дейді фалым Меруерт Құрманбаева.

Бүгінде ҚазҰУ ғалымдары ғылыми жобаға патент алған. Қазіргі таңда коммерцияланыруды жұмыстары жүргізілуде.

**Айнур Ақынбаева**



Бағдарлама Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) негізеге алады және Батыс Қазақстан өңіріндегі стратегиялық маңызды міндеттерді шешуге арналған. Жоба үш жыл ішінде жүзеге асады. Осы кезеңде ғалымдар аймақтың тұрақты экологиялық, әлеуметтік-экономикалық дамуы, қоршаған орта, су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтау және басқару мәселелерінде шешім жолдарын табуы көрек. Сондай-ақ жобаға қаты-

сушылар топырақтың құрамы мен сапасына талдау жүргізіп, техногендік бұзылулардан, су объектілерінің таяздануынан, атмосфералық ауаың мұнай өнімдерімен және улы химикаттармен ластануынан тұындаған топырақ жамылғысының тозу деңгейін анықтауы тиіс.

Ғылыми жобаның жетекшісі, география ғылыминың докторы Мәулекен Асқарова-ның айтудың бірнеше негіздесінде ауқымды. Зерттеу жұмыстары Маңғыстау, Атырау,

## ТҮРІК ФИЛОСОФИЯСЫ АНТОЛОГИЯСЫ



## ЖАҢА КІТАПТАР МЕРЕЙТОЙҒА ТАРТУ


**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойына оқу ордасының ұстаз-ғалымдары, қызыметкерлері ерекше тартумен келді.**  
**Бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруге ықпалды құнды құрал – кітап. Демек, мандай терінді төгіп кітап жазу, құрастыру – үлкен еңбек. «Qazaq universiteti» газеті мерейтой қарсаңында жарық көрген кітаптарға шолу жасайды.**



### ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ТҮРІК-МҰСЫЛМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ АЛТЫН ҒАСЫРЫ

Професор Жақыпбек Алтаевтың жеке авторлығындағы «Әл-Фараби және ұлттық философиясының алтын ғасыры», шәкірттері Қанат Алтынбек және Жадыра Қазиевамен бірге жазған «Түрік өркениетіндегі әл-Фараби», «Әл-Фараби – ислам философиясының бастауы» еңбектері де осы орайдағы зерттеулерді толықтыра туыседі. «Ислам әлемі ойшылдарды» сериясымен жарық көргендегі Әл-Кинди, Ибн Сина, әл-Газали, әт-Туси, Қожа Ахмет Ясауи т.б. ойшылдар мұрасы пайымдалған брошюралар да айтуды датаға құнды тарту болып отыр.


### ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ



Көрнекті қайраткер, дипломат, ұлағатты ұстаз, сыртқы істер халық комиссары, 1948-53 жж. ҚазМУДЫң ректоры болған педагогика ғылымиыңыздар, профессор, ҚазМУДА Академигі Төлөген Тәжібаев пен шәкірті, педагог-ғалым Жолмұхан Түрікпенұлының 90 жасқа толуына орай, «Ұстаз бен шәкірт» кітабы жарыққа шықты. Еңбекте естеліктіктер мен мұрағат және ғылыми мақалалар топтастырылған.

Кітап екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде негізінен Т.Тәжібаевтың сирек кездесетін мұрағаттық қорынан алынған материалдары мен шежірелік фотосуреттер қамтылған. Екінші бөлімде Ж.Түрікпенұлы туралы жазылған ғалымдардың мақалалары мен өзінің өмірлік тәжірибелік жұмыстар жүргізген зерттеу еңбектері арқау болды.

## ЖЕТЕКШІ УНИВЕРСИТЕТ ЖЫЛНАМАСЫ



Университеттің 90 жылдығымен тұспа-тұс қара шаңырақтың бүкіл тарихын тасқа басып, білім алушылар мен оқытушыларға, ғылыми қызыметкерлерге түрлі саладағы тың, акпарат, мақала жариялауға мүмкіндік берген «Qazaq universiteti» газетіне 75 жыл толды.

Оқу орнының 90 жылдық мерейтойы аясында «Qazaq universiteti» газетінің 75 жылдығына арналған «Жетекші университет жылнамасы» жинағы жарыққа шықты. Кітапта неғізінен осы басылымда жарияланған ректорлар мен ұстаз-ғалымдар, студенттер материалдарының архивтік түпнұсқалары мен фотосурет шешірлесі берілген. Еңбекте оқу ордасының түп тарихы, қызу тірлігімен ас-

тасып жатқан бүкіл жылнама қамтылды. Әсіреле соңғы жылдардың қолға алынған инновациялық жобалар көрініс тапты. Қошбасшылық дәріс оқыған белгілі тұлғалардың өзекті тақырыптарға арналған мазмұны терең әңгімелері де кітаптан ойып тұрып орын алды. Оқу ордасының қарқынды құрылышы, жатақхана-лардағы күрделі жөндеу жұмыстары да сырт қалған жоқ. Бұған қоса, кітап бетінде университет ардагерлері еткен күндерді еске алып, сыр шертіседі. Сондай-ақ оқу орнының бастапқы қадамына күе болған майталман оқытушылардың білім ордасы жайында, газет редакторларының басылым туралы естеліктері жарияланды.

### Басылымға QR-код орнатылды

Күрметті оқырман! Бүгіннен бастап «Qazaq universiteti» газетінің барлық нөмірлерін QR-код арқылы оқи аласыздар.

Басылымның әр жылдардағы шығарылымының pdf форматы электронды топтамаға жинақталды. Farabi university сайтына орналастырылған мәліметтер 2009-2024 жылдар аралығын қамтиды.



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
**Әл-Фараби атындағы**  
**Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ  
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,  
Нұрбек НҰРЖАҢҰЛЫ  
**Фототілші:** Марат ЖУНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Құләш ҚАДЫРБАЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компььютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түсken қолжазба қайтарылмайды, үш компььютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшірілпі басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.